

Эльчин БАБАЕВ

Баку мемлекеттік университетінің ректоры

Әзербайжандағы тұңғыш университет: Баку мемлекеттік университеті 100 жылдық мерейтойын атап өтуде

Өткен жылы Әзербайжан Демократиялық Республикасының (АДР), Шығыстағы және түрік-ислам әлеміндегі бірінші заңды және демократиялық республикасының 100 жылдығы мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде кеңінен атап өтілді. Бұл тарихи оқиғаның біздің ұлттық мемлекеттілігіміз үшін ерекше маңыздылығын ескере отырып, 2018 жыл елде «Әзербайжан Демократиялық Республикасы жылы» деп жарияланды. Осы жылдықты мерекелеу кезінде бірнеше рет АДҚ өзінің құрылғаннан 23 ай ішінде ұлттық мемлекеттік тарихында өшпес із қалдырды, Республиканың халықаралық танылуына қол жеткізіп, мемлекет ретінде ұлттық Парламентті, ұлттық армияны және басқа да маңызды мемлекеттік мекемелерді, соның ішінде Баку мемлекеттік университетін құрды.

2019 жылы Әзербайжан Республикасының ғылым, білім, мәдениет және білікті кадрлар-

Баку мемлекеттік университетінің тұңғыш ғимараты, 1919 жыл



ды дайындаудың ұлттық орталығы ретінде кең танылған Баку Мемлекеттік Университетінің құрылғанына 100 жыл толады. Әзербайжан Республикасы Президентінің сол бір қиын кезеңдерде құрылған «Баку мемлекеттік Университетінің 100 жылдығын тойлау туралы» қол қоюы оның құрылған сәтінен бастап ұлттық мақтаныш көзі болды, осы тарихи оқиғаға арналған шаралардың басталуын белгіледі. Атқарушы жарлықта «Өзінің жаңа типтегі мұсылмандық Шығыстың жоғарғы оқу орны ретінде құрылған сәтінен бастап Баку Мемлекеттік Университеті айтұлы жетістіктердің ұзақ жолынан өтті. Әзербайжандық идеологияға адал болып қала отырып, елдегі жоғары білім беру жүйесінің құрылуына, заманауи стандарттарға сәйкес және озық технологияларды пайдалана отырып ғылыми зерттеулерді жүргізу және де ұлттық сана үрдісінің тездетілуіне айтарлықтай үлес қосты», - деп айтылған.

Жалпы алғанда, орта ғасырларда алғашқы университеттердің пайда болуы қалалардың бой көтеруімен астарласқан деп айтуға болады. Бұл тұрғыдан Бакудың дамуы өзгешерек болды. Қаладағы мұнай өндіру өнеркәсібінің XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды дамуы Бакуді жетекші әлемдік елді мекендердің біріне айналдырды. Сол кездегі баспасөз Бакуді Америка қалаларымен жиі салыстыратын... Бірақ, бұған қарамастан, Бакуде университет болған жоқ! Кавказды жаулап алғаннан кейін Ресей империясы аймақтағы халықтың білімділік деңгейінің жоғарылауы жайында аса қызығушылық танытқан жоқ. Мұндай

кемсітушілік әлемнің әр-түрлі қалаларында білім алып жүрген Әзербайжан зиялыларының қатарында әрқашан алаңдатушылық тудыратын. Бакулік атақты мұнай бароны Гаджи Зейналабдин Тагиев білімімен мақтана алмайтын, сол себепті оның дамуына қаражатты аянбай бөліп отырған. Алайда оның өз есебінен мектеп ашу туралы ниетіне орындалу бағы бұйырмады. Бакуде мұсылман қыздарына арналған мектеп ашу үшін атақты миллионер патшаның әйеліне қымбат сыйлық беруі керек еді... Бакуде жоғарғы мектепті ашқысы келгендердің сұранысы қабылданбайтын ... Кавказдағы жоғарғы мектепті ашу туралы талқылау Ресейдегі 1917 жылғы революциядан кейін қайта жаңарды, және сол кезде Тбилисиде Орыс университетін ашу шешімі қабылданды. Патшалық мұсылмандық Бакудегі ғылым мен білімнің дамуына қажетті көңіл бөлген жоқ! Әйтсе де, Санкт-Петербург, Қазан, Мәскеу, Сорбон ЖОО-ларын бітірген әзербайжандықтар болды ... Іс жүзінде жоолардың осындай түлектері 1918 жылдың мамыр айында Әзербайжан Демократиялық Республикасының Тәуелсіздік Декларациясына қол қойған еді ...

Республика Парламенті өз жұмысын 1918 жылдың 7 желтоқсанында бастады, және бар жоғы 10 күннен кейін Парламентте алғаш рет Еуропада еуропалық типтегі университет құру туралы мәселе көтерілді. Жоғарғы білімге бірнеше жыл бойы тыйым салынып келген шығыс қалада еуропалық университетті құру идеясы мәдени революцияның нақ өзі болды! Университетті құру туралы талқылау келесі жылдың басында басталды. 1919 жылдың 1 қыркүйегінде Әзербайжан парламенті «Баку мемлекеттік университетінің мекемесі туралы» заң қабылдады! Осы университеттегі алғашқы сабақ 1919 жылдың 15 қарашасында басталды. Әзербайжан Демократиялық Республикасы болшевиктердің жаулап алуына душар болса да, өз құрылуынан 23 айдан кейін-ақ университет елдің ғылыми және мәдени орталығы ретінде қызмет етуін жалғастыра берді. 1922 жылы 30 жас дәрігер бірінші рет университетті аяқтау туралы диплом алды. Дәл осы университетте нәтижесінде елдің тағдырында маңызды роль атқарған алғашқы мамандар білім алған. Тіпті нобель лауреаты Лев Ландаудың өзі Баку



Бүгінгі Баку мемлекеттік университеті

университетінің алғашқы студенттерінің бірі болған.

Екі факультет базасында құрылған университет біртіндеп кеңейіп, жаңа факультеттер ашылды. Одан кейін оның базасында жаңа университеттер құрылды: келесі жылдары жоғары педагогикалық институт, медициналық институт және экономикалық институт құрылды.

Бірақ, жаңа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда, Баку университеті іргелі ғылымдарды оқытуға бағытталған классикалық мектеп бола отырып, елдің жетекші білім беру және зерттеу орталығына айналды.

Көптеген жылдар бойы университетті көрнекті ғалымдар басқарды. Алғашқы ректоры белгілі хирург Василий Разумовский болды, ал атақты жазушы Таги Шахбази оның алғашқы ректоры-Әзербайжандық болды. Кейін бұл қызметті әр уақытта Азиз Әлиев, Абдулла Гараев, Джафар Хандан және Әзербайжан зиялыларының басқа өкілдері атқарды.

Жоғары октанды бензин мен қатпайтын майларды ойлап табуының арқасында Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен белгілі химик Юсиф Мамедалиев университетті 1950 жылдардың соңында басқарды.

Сол жылдары университеттің төрт ректоры сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Алайда, қиын кезеңдер мен сынақтар бұл батыр ұлттың жігерін сындыра алмады. Соңында барша ұлттың мақтанышына айналу үшін университет кеңеюін жалғастыра берді.

... 1980-жылдардың соңында Әзербайжанда ұлттық-азат ету қозғалысы басталды. Және университет өзінің халықтық азат ету қозғалысының орталығы дәрежесіне адал болып қалды. үгіне ұлт-азаттық қозғалыс басталды. Университет бұл қозғалыстың орталығы болып қала берді.



1991 жылы Әзербайжан өз тәуелсіздігіне қайта қауышты. Алайда, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елеулі саяси және экономикалық қиындықтарды еңсерген. Әзербайжанның тәуелсіздігіне қауіп төнген кезде экономикалық құлдыраудан Баку мемлекеттік университетінің әлемге әйгілі түлегі, тәжірибелі көшбасшы - Гейдар Әлирзаұлы Әлиев аман алып шыққан болатын. Кеңес кезеңінде де, Тәуелсіздік жылдарында да университеттің дамуына үлкен үлес қосқан Гейдар Әлиев оның рөлі мен маңызын жоғары бағалап, оны «Әзербайжан халқының ұлттық игілігі, Әзербайжан Республикасының ұлттық мақтанышы» деп атады».

Бүгінгі таңда университеттің құрметті докторлары тізіміне Гейдар Алиев, Ильхам Алиев, Тургут Озал, Сулейман Демирель, Збигнев Бжезинский, Лотфи Заде, Бутрос Бутрос Гали, Джордж Робертсон, Коичиро Мацуура, Олжас Сүлейменов, Тадеуш Светоховски сияқты тұлғалардың кіруі кездейсоқтық емес.

Баку мемлекеттік университетінің отбасында 23 000 астам студент, 1300 жуық оқытушы, Газахтағы филиал, Губа мен Алтыагаджадағы білім беру және ойын-сауық орталықтары, сондай-ақ Бакудегі «Жас таланттар» лицейі бар.

Университетте орыс орталығы, Абай орталығы, Әзербайжан-кәріс ақпараттық қолдау орталығы, король Седжон Баке институты, Конфуций институты және ЮНЕСКО-ның Адам құқықтары мен ақпарат жөніндегі кафедрасы бар. Олардың барлығы халықтар арасындағы өзара түсіністікке және мәдени байланыстарды нығайтуға жәрдемдесу мақсатында құрылған.

Жалпылай келе, 100 жылдық Баку

Мемлекеттік Университеті:

- Әзербайжан Республикасындағы алғашқы жоғарғы оқу орны ретінде ғылымның түрлі салаларының дамуы бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады;
- XX ғасырдың басынан Әзербайжан халқын тәрбиелеу, зиялыларды сынып ретінде қалыптастыру және академиялық және ғылыми дәстүрлерді байытуда баға жетпес роль атқарады;
- Өткен ғасырдың соңында Әзербайжан тәуелсіздігін жариялауда, біздің ұлттық мемлекеттігіміздің жаңғыруында, саяси және қоғамдық сананың оянуы мен дамуында маңызды роль атқарды;
- Басынан бастап халықтың білім мен ғылымдағы қажеттіліктерін қанағаттандырудан басқа, сондай-ақ ұлттық сананың және тұтастай алғанда мемлекет тәуелсіздігінің нығаюына ықпал етті;
- әлемдік білім беру жүйесіне ықпалдасудың, білікті кадрларды даярлаудың және жаңа ғылыми мектептер құрудың қойылған міндеттерін тиісті түрде орындады;
- технологиялар мен ғылыми зерттеулердің арқасында әмбебап ғылым мен заманауи білім беруді дамытады;
- академиялық инфрақұрылымның болуымен қатар, ол өзінің ұлттық және рухани құндылықтары туралы түсінігі бар, жаһандық инновацияларға сезімтал, берік әлеуметтік және қоғамдық байланыстары бар азаматтарды тәрбиелеуге қабілетті, сонымен бірге қоғам мен адамзат игілігі үшін қызмет ететін оқу орны ретінде жұмыс істеуге тырысты;
- әлемнің ең беделді ақпараттық агенттіктері өткізетін рейтингтік байқауларға қатысып, қазіргі таңда 800 үздік элиталық университеттер қатарында;
- жүздеген университеттермен, ондаған мемлекеттердің ғылыми және білім беру орталықтарымен жұмыс жасайды;
- ЕО TEMPUS-TACIS, ERASMUS MUNDUS сияқты жобалардың шеңберінде алмасу бағдарламаларын, түркітілдес елдердің азаматтарына арналған Mevlana алмасу бағдарламасын, сондай-ақ бүкіл әлемде мойындалған университеттер-

мен қол қойылған келісімдерге сәйкес студенттер мен оқытушылармен алмасу бағдарламаларын іске асырады;

- Франция және Германия университеттерімен бірлесіп магистр және Доктор дәрежелері бар екі дипломды мамандар дайындайды;
- белгілі мемлекет қайраткерлерінің, ғылым саласындағы Нобель лауреаттарының және беделді халықаралық ұйымдар басшыларының дәрістерін ұйымдастырады;
- материалдық-техникалық ресурстардың жеткілікті саны негізінде қазіргі заманғы талаптарға сәйкес, өсіп келе жатқан ұрпақтың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Және, әрине, көптеген кәсіпқойлар, ғалымдар, зерттеушілер, өнертапқыштар мен шығармашылық кәсіптердің адамдары алған білімдерін өмірдің түрлі салаларына жеткізу үшін ХХ ғасырдың әлі де жас Шығыс университетінің қабырғасынан шығады.». Каирдегі Әл-Азхар университетіне кіреберістегі, Египет ислам пайғамбарының сөзі есіңізде ме? Ол өзінің өзектілігін ешқашан жоғалтпайды. Ол былай дейді: «Егер осы әлемнің сұлулығын көргің келсе, саудагер бол, егер өзге әлемнің сұлулығын білгің келсе, діндар бол, бірақ екі дүниенің сұлулығын көргің келсе, ғалым болу үшін ғылымды игер...».

Баку мемлекеттік университетінің қазіргі білім мен ғылымды дамытудағы, елімізде мемлекеттілік пен ұлттық және рухани тазалық дәстүрлерін сақтаудағы айрықша рөлі туралы айта келе, Гейдар Әлиев мынаны атап өтті: «Әзербайжанда ұлт-азаттық қозғалыстың пайда болуы мен дамуы, біздің тарихымызды арандатушылық пен бұрмалаудан қорғау, халқымыздың көп ғасырлық тарихын, біздің мәдениетімізді, ұлы моральдық құндылықтарды насихаттау - осының барлығы жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін біздің ғалымдар мен оқытушылардың қызметінің арқасында мүмкін болды. Және Баку Мемлекеттік Университеті осы іске зор үлес қосты».

Баку Мемлекеттік Университеті сондай-ақ бүкіл әлемге заманауи және тиімді жоғарғы оқу орны ретінде белгілі, мойындалған және жоғары бағаланады. Баку Мемлекеттік Университетінің 100 жылдығын тойлау тура-



лы атқарушы жарлығында келесідей делінген: «Инновациялық идеялар негізінде Әзербайжан Республикасының шығармашылық ғылыми ойлауын қалыптастыру, кадрлардың біліктілігін үздіксіз арттыру мен ғылыми және зияткерлік ортаны ары қарай дамыту, соның ішінде Әзербайжан халқының мәдени және рухани құндылықтарын сақтап қалу басқа әлемнің білім беру кеңістігіне біріктіру жөніндегі бүгінгі көп мақсатты және кең ауқымды қызметінің негізгі бағыттары болып табылады».

Баку мемлекеттік университетінің бірінші ректоры В.И. Разумовский айтқандай: «... Баку Университеті жасасын және гүлдене берсін!»

Пайдаланылған көздердің тізімі

1. «Об объявлении 2018 года в Азербайджанской Республике «Годом Азербайджанской Народной Республики» атты Әзербайжан Республикасы Президентінің Жарлығы. «Азербайджан» газеті, 11 қаңтар 2018 жыл.
2. «О проведении 100-летнего юбилея Бакинского Государственного Университета». атты Әзербайжан Республикасы Президентінің Жарлығы. «Азербайджан» газеті, 15 қараша 2017 жыл.
3. Разумовский Р., Маковельский А. «Создание университета в городе Баку». Баку, 2014.
4. Искендеров А. А., Алик С. «Память Азербайджанской Народной Республики: Бакинский Государственный Университет – 100». Баку, Нурлар, 2019, 176 бет.